



### Құрметті студент!

2018 жылы «Қызмет көрсету - 2» бағытындағы мамандықтар тобының бітіруші курс студенттеріне Оқу жетістіктерін сырттай бағалау 4 пән бойынша өткізіледі.

Жауап парақшасын өз мамандығыңыздың пәндері бойынша кестеде көрсетілген орын тәртібімен толтырыңыз.

Мамандық шифры	Мамандықтың атауы	Жауап парағының 6-9 секторларындағы пәндер реті
5B090500	«Әлеуметтік жұмыс»	1. Жалпы және әлеуметтік психология 2. Әлеуметтік жұмысты құқықтық қамтамасыз ету 3. Әлеуметтік жұмыс теориясы 4. Әлеуметтік жұмыстың әдістері мен технологиялары

1. Сұрақ кітапшасындағы тестер келесі пәндерден тұрады:

1. Жалпы және әлеуметтік психология
2. Әлеуметтік жұмысты құқықтық қамтамасыз ету
3. Әлеуметтік жұмыс теориясы
4. Әлеуметтік жұмыстың әдістері мен технологиялары

2. Тестілеу уақыты – 180 минут.

Тестіленуші үшін тапсырма саны - 100 тест тапсырмалары.

3. Таңдаған жауапты жауап парағындағы пәнге сәйкес сектордың тиісті дөңгелекшесін толық бояу арқылы белгілеу керек.

4. Есептеу жұмыстары үшін сұрақ кітапшасының бос орындарын пайдалануға болады.

5. Жауап парағында көрсетілген секторларды мұқият толтыру керек.

6. Тест аяқталғаннан кейін сұрақ кітапшасы мен жауап парағын аудитория кезекшісіне өткізу қажет.

7. - Сұрақ кітапшасын ауыстыруға;

- Сұрақ кітапшасын аудиториядан шығаруға;

- Анықтама материалдарын, калькуляторды, сөздікті, ұялы телефонды қолдануға

**қатаң тиым салынады!**

8. Студент тест тапсырмаларында берілген жауап нұсқаларынан болжалған дұрыс жауаптың барлығын белгілеп, толық жауап беруі керек. Толық жауапты таңдаған жағдайда студент ең жоғары 2 балл жинайды. Жіберілген қате үшін 1 балл кемітіледі. Студент дұрыс емес жауапты таңдаса немесе дұрыс жауапты таңдамаса қателік болып есептеледі.

## Жалпы және әлеуметтік психология

1. Психология ғылымының зерттеу пәні:

- A) Рефлекс
- B) Инстинкт
- C) Психикалық құбылыстар
- D) Жануар
- E) Психикалық қалыптар

2. Психологияның тарихи даму кезеңдеріндегі зерттеу пәні:

- A) Психология-топ туралы ғылым
- B) Психология-тұлға туралы ғылым
- C) Психология-ұжым туралы ғылым
- D) Психология-жан туралы ғылым
- E) Психология-мінез-құлық туралы ғылым
- F) Психология-бала психологиясы туралы ғылым
- G) Психология-сана туралы ғылым

3. Бқылау түрлері:

- A) Тест
- B) Ішкі
- C) Сұхбат
- D) Талдау
- E) Эксперимент

4. Психикалық процестер құрамына кіреді:

- A) Зейін
- B) Қабілет
- C) Түйсік
- D) Ерік
- E) Эмоция
- F) Қиял

5. Танымдық психикалық үрдістер:

- A) Зейін
- B) Фрустрация
- C) Ерік
- D) Мінез
- E) Қабілет

6. Психиканың даму эволюциясын зерттейтін сала:

- A) Зоопсихология
- B) Салыстырмалы психология
- C) Заң психологиясы
- D) Педагогикалық психология
- E) Жас ерекшелік психологиясы
- F) Басқару психологиясы
- G) Медициналық психология

7. Проприорецептивті түйсіктер:

- A) Иіс сезу
- B) Көзбен көру
- C) Уақытты сезу
- D) Гравитация түйсігі
- E) Тепе-теңдік түйсігі

8. Дистантты түйсіктерге жатады:

- A) Есту
- B) Дәм сезу
- C) Сипап сезу
- D) Органикалық
- E) Көру
- F) Иіс сезу

9. Жануарлар деңгейінде қабылдаудың ерекшеліктері:

- A) Ойлау арқылы
- B) Ырықсыз
- C) Инстинктивті
- D) Ырықты
- E) Мақсатсыз
- F) Саналы байқау

10. Ойлау операциялары:

- A) Галлюцинация
- B) Пайымдау
- C) Салыстыру
- D) Абстракциялау
- E) Нақтылау
- F) Байқау
- G) Пікір

11. Холерик темпераменті:

- A) Тежелуі қозудан басым
- B) Экстраверт
- C) Қозуы тежелуден басым
- D) Байыпты
- E) Күшті

12. Зейіннің бұзылу синдромдары:

- A) Аландағыштығы
- B) Гипомнезия
- C) Агнозия
- D) Шашыраңқылығы
- E) Инерттілігі

13. Зейіннің негізгі қасиеттері:

- A) Ырықты зейін
- B) Абстракциялық
- C) Зейіннің бөлінуі
- D) Зейін көлемі
- E) Зейіннің тұрақтылығы

14. Эмоция түрлері:

- A) Жағымсыз
- B) Амбивалентті (қарама-қайшы)
- C) Әдемі
- D) Өнерлі
- E) Ұзақ
- F) Қысқа
- G) Мықты

15. У. Шелдон келесі типтерге сипаттама берді:

- A) Холерик
- B) Сангвининик
- C) Мезоморф
- D) Интроверт
- E) Аралас
- F) Меланхолик
- G) Эндоморф

16. Қабілеттің даму деңгейлері байланысты:

- A) Оқуға құмарлық
- B) Талант
- C) Спорттық
- D) Шығармашылық
- E) Математикалық
- F) Данышпандылық

17. Мінез грек тілінен аударғанда:

- A) Тұйық
- B) Ерекшелік
- C) Белсенділік
- D) Жабық
- E) Үрейлі
- F) Аралас

18. Идентификация бұл:

- A) Коммуникация
- B) Теңестіру
- C) Рефлексия
- D) Перцепция
- E) Эмпатия
- F) Салыстыру

19. Проксемика дегеніміз:

- A) Бір-біріне қатысты кеңістіктегі бағдар
- B) Арқа қағу
- C) Көзін қадау
- D) Дистанция
- E) Дене мүшелерінің түйісуі
- F) Қол беріп амандасу
- G) Ара қашықтық

20. Сөзсіз қарым-қатынас түрлері:

- A) Проксемика
- B) Такесика
- C) Коммуникация
- D) Кинесика
- E) Интеракция
- F) Лекция
- G) Диалог

21. Қарым- қатынастың негізгі түрлері:

- A) Әлеуметтік интеракция
- B) Әлеуметтік перцепция
- C) Орындау
- D) Эмпатия
- E) Бақылау
- F) Тәрбие

22. Шиеліністі шешу жолдары:

- A) Мәжіліс
- B) Синектика
- C) Мәслихат
- D) Компромисс
- E) Конкуренция

23. Бұқара психологиясы концепцияларындағы маңызды әлеуметтік-психологиялық заңдылықтар:

- A) бұқаралық мәдениет құралдарының қоғамдық және индивидуалды санаға әсері
- B) топтың даму динамикасы
- C) тұлға мен топтың ара қатынасы
- D) бұқара мен тұлғаның үйлесімді өзара қатынасы
- E) адамдардың өзара әрекеттестігі
- F) бұқара мен элитаның қатынасы
- G) бұқаралық қысым заңдылығы

24. Бихеовиоризм теориясының негізін қалаушылар:

- A) Дж.Уотсон
- B) З.Фрейд
- C) К.Хорни
- D) У.Найссер
- E) Э.Фромм
- F) Г.Салливан

25. Тұлғаның әлеуметтік-психологиялық қасиеттерінің топтамасы:
- A) тұлғаның психологиялық ерекшеліктерімен байланысты қасиеттер
  - B) жалпы психологиялық қасиеттердің әлеуметтік топтамасы
  - C) тұлғаның жас ерекшелік қасиеттерінің үйлесімді жиынтығы
  - D) дифференциалды және жас ерекшелік қасиеттермен байланысты қасиеттер
  - E) топ мүшелерінің өзара әрекеттестігінде және оның әлеуметтік әсерінің нәтижесінде қалыптасатын қасиеттер
  - F) тұлғаның ұлттық ерекшеліктерінің топтамасы

**Жалпы және әлеуметтік психология  
ПӘНІ БОЙЫНША ТЕСТ АЯҚТАЛДЫ**



**Әлеуметтік жұмысты құқықтық қамтамасыз ету**

1. Әлеуметтік қамсыздандыру құқығының жүйесінің бөлімдері:

- A) Ерекше
- B) Қосымша
- C) Ғылыми негізделген жалпы, ерекше, арнайы құқық нормаларының құрылымы
- D) Салалық
- E) Арнайы
- F) Жалпы

2. Әлеуметтік қамсыздандыру құқығы – адамның әлеуметтік-экономикалық құқығы негізі ретінде бекіткен құжат:

- A) 1993 жылғы Қазақстан Республикасының Конституциясы
- B) 1966 жылғы Экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар туралы халықаралық пакті
- C) 1995 жылғы Қазақстан Республикасының Конституциясы
- D) 1926 жылғы ҚАКР-ның Конституциясы
- E) 1937 жылғы ҚКСР-ның Конституциясы
- F) 1990 жылғы ҚКСР-ның мемлекеттік егемендігі туралы декларациясы
- G) Бала құқықтары туралы конвенция

3. Азаматтардың әлеуметтік қамсыздандырудың түрлерін иемдену құқығы байланысты:

- A) жасына байланысты
- B) білім алуына
- C) отбасы құруына
- D) мүгедектігіне байланысты
- E) жұмысқа орналасуына

4. Азаматтардың медициналық көмек алу құқығының бағыттары:

- A) Үкімет бекіткен тізбеге сәйкес тегін медициналық көмектің кепілді көлемін алу
- B) кез келген отаны мемлекеттің қаражатына жасау
- C) бюджет қаражаты есебінен шетелде медициналық көмек алу
- D) медициналық ақылы қызметтердің сапасын арттыру, бәсекелестік орнату
- E) азаматтарды медициналық эксперименттерге қатысуға міндеттеу
- F) медициналық көмектің барлығын тегін қолдана алу
- G) азаматтарды жедел медициналық көмекпен ақылы қамтамасыз ету
- H) тегін медициналық көмектің кепілді көлемі шеңберінде дәрілік заттармен қамтамасыз етілу

5. Білім беру және оларды жүзеге асыру мен оқыту және тәрбиелеуді жүзеге асырушылар:

- A) мұғалімдер, тәрбиешілер
- B) оқушылар
- C) балабақша
- D) мұғалім қызметкерлер
- E) қашықтан оқытушы қызметкерлер
- F) ғылыми қызметкерлер

6. Жедел-іздігіру қызметін жүзеге асырушы органдар қызметкерлерін құқықтық және әлеуметтік қорғау:

- A) Жәрдемақы беріледі
- B) Кепілдіктері қолданылады
- C) Кепілдік берілген
- D) Өтемақы беріледі
- E) Еңбекақы төленеді
- F) Зейнетақы беріледі
- G) Заңға сәйкес кепілдіктерді қолданады

7. Экологиялық апат аймағына кіреді:

- A) Қызылорда және Ақтөбе
- B) Ақтөбе облысының Шалқар ауданы
- C) Қарағанды мен Ақмола облысы
- D) Семей, Қызылорда, Байқоңыр
- E) Қызылорда облысының Қазалы аудандары
- F) Семей полигоны аймағы
- G) Қызылорда облысының Арал аудандары

8. Экологиялық апат салдарынан зардап шеккен адамдарға берілетін қосымша өтемдер мен жеңілдіктер:

- A) Жәрдемақы алуға құқығы бар
- B) Жеңілдіктермен пайдалануға берілген кепілдік
- C) Үйді уақытша пайдалануға құқылы
- D) Мемлекеттен тегін көмек алу
- E) Зейнетақы алуға құқығы бар
- F) Тұрғын үйді жекешелендіруге құқысы жоқ

9. Жәрдемақының мөлшерін анықтау тәсілдері:

- A) жалақының мөлшеріне байланысты оларды төлеу жалақыдан айрылған бүкіл кезең бойы жүргізіледі
- B) күн көріс себетінің шегіне қарай, алушының жалақысына қарай жүргізіледі
- C) жалақының 70% мөлшерінде
- D) жалақының 100% мөлшерінде
- E) жалақының 50% мөлшерінде анықталады

10. Ай сайынғы атаулы әлеуметтік көмектің тағайындалуы мен оны төлеуді ұйымдастырудың дұрыстығы үшін жауапты болады:

- A) Әкімшіліктер
- B) Үкімет
- C) Министрліктер
- D) Уәкілетті органның лауазымды адамдары
- E) Тиеселі органның лауазымды адамдары

11. Атаулы әлеуметтік көмекке құқылы халық санаттары:

- A) күндізгі оқу нысанында оқитын студенттер
- B) интернат-үйлерде тұрақты тұратын қарттар мен мүгедектер
- C) мерзімді әскери қызметтегі адамдар
- D) еңбекке қабілетті жұмыссыздар
- E) күндізгі оқу нысанында оқитын магистранттар
- F) күн көрісі төмен, аз қамтылған отбасылар

12. Азаматтардың әкімшілік жауапқа тартылу әрекеттері:

- A) Жол ережесін бұзу
- B) Жеке адамды балағаттау
- C) Адам зорлау
- D) Қарт ата-анасын қарттар үйіне өткізу
- E) Жеке мүлікті тонау
- F) Қоғамдық орындарды ластау
- G) Суицидтық әрекет жасау

13. Баланың заңды өкілдері:

- A) Он төрт жастан он сегіз жасқа дейінгі балалардың құқығы мен мүддесін қорғаудың құқықтық нысаны
- B) Денсаулық сақтау мекемелері
- C) Бала асырап алушылар
- D) Қорғаншысы, қамқоршысы, патранат тәрбиелеушісі және заңға сәйкес баланың құқықтары мен мүдделерін қорғайтын адамдар
- E) Кез келген заңды тұлға
- F) Әлеуметтік мекеме
- G) Ата-анасы

14. Интернаттық ұйымдарға:

- A) 18 жастан асқан жетім балалар және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар қабылданады
- B) Ата-анасының қамқорлығындағы балалар қабылданады
- C) Дене бітімінің дамуында кемістігі бар балалар қабылданады
- D) Туғаннан бастап 3 жасқа дейінгі жетім балалар және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар қабылданады
- E) Жаңа туылған қараусыз қалған балалар қабылданады
- F) 2 жастан 18 жасқа дейінгі мінез-құлқында ауытқулары бар балалар орналыстырылады

15. Сот ата-ана құқықтарынан айыру туралы істі қарау кезінде жеке қаулымен прокурордың назарына істі қадағалауға және қайта қарауға жолдайды:

- A) Егер ата-аналар мінез-құлқын, тұрмыс салтын және бала тәрбиесіне көзқарасын өзгерткен болса
- B) Егер қорғаншылық немесе қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын орган ата-аналар мен баланың мүдделері арасында қайшылықтар барын анықтаса
- C) Егер ата-ана бала тәрбиесіне көзқарасын өзгерткен болса
- D) Ата-аналардың іс-әрекетінен қылмыстық жазаланатын әрекет белгілерін байқаса
- E) Егер ата-аналардың іс-әрекеттерінен қылмыстық жазаланатын әрекеттердің басымдылығын аңғарса
- F) Егер баланы ата-аналарына қайтарып беру оның мүдделеріне қайшы келсе

16. Ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған тәрбиелеуді, емдеуді және соған ұқсас басқа да мекемелердегі баланың құқықтары мен мүдделерін қорғауды, олардың жұмысқа орналасуына көмектесуді жүзеге асырады:

- A) Маслихаттар
- B) Интернат басшылары
- C) Қазақстан Республикасы Парламенті
- D) Қазақстан Республикасының атқару билік органы
- E) Жергілікті атқарушы органдары

17. Қорғаншылықты және қамқошылықты тоқтату:

- A) Қамқоршы орган өтінішін тексеру арқылы
- B) Әрекетке қабілетті деп тану туралы сот шешімі бойынша
- C) Әкімшілік бұйрығымен
- D) АХАЖ органдарының шешімімен
- E) Әрекетке қабілетті деп тану туралы медициналық шешіммен

18. Қорғаншылық:

- A) 18 жасқа (кәмілетке) толмағандардың қорғалу нысаны
- B) 17 жасқа келген балаларды қорғау нысаны
- C) Он төрт жасқа дейінгі балалардың құқығы мен мүддесін қорғаудың құқықтық нормалар негізіндегі іс - әрекет
- D) 5 жасқа келген балаларды қорғау нысаны
- E) 14 жасқа толмаған балалардың құқығы мен мүддесін қорғаудың құқықтық нысаны
- F) Балалардың құқығы мен мүддесін қорғаудың құқықтық нысаны

19. Әлеуметтік қамсыздандыру құқығы алғашқы рет халықаралық құқықтық актіде бекітілді:

- A) 1948 ж. Геноцид конвенциясы
- B) 1966ж. Әлеуметтік құқықтар туралы халықаралық пакт
- C) 1949 ж. Женева конвенциясы
- D) 1966 ж. Мәдени құқықтар туралы халықаралық пакт
- E) 1948 ж. Адам құқықтарының жалпы декларациясы
- F) 1950 ж. Адам құқықтары жөніндегі Еуропалық конвенциясы

20. Әлеуметтік қамсыздандыруды реттейтін нормативті-құқықтық құжаттардың мақсаты:

- A) Халықты тәрбиелеу
- B) Еңбекпен қамту
- C) Әлеуметтік мәселелерді шешу
- D) Халықтың өмір сүру сапасын жоғарылату
- E) Әлеуметтік мәселелердің алдын-алу

21. Жасөспірімнің қорғалу құқықтары:

- A) Жасөспірімдер қылмыс жасауға құқылы
- B) Жасөспірімдер асыраушыларының мүдделерін қолдамау керек
- C) Баланың құқықтары мен мүдделерін ата-анасы (асырап алушы) мен мемлекеттік орган қорғайды
- D) Егер балаға зорлық жасалып жатқаны анықталса кез келген тұлға сот алдында жауап береді
- E) Бала өзін қанаушылардан (ата-анасы немесе асыраушы) қорғауға құқылы

22. Кәмелетке толмаған ата-аналардың құқықтары:

- A) кәмелетке толмаған ата-аналардың баласымен мемлекеттің қарамағына өткеруге құқығы бар
- B) кәмелетке толмаған ата-аналардың баласымен бірге тұруға және оны тәрбиелеуге қатысуға құқылы
- C) кәмелетке толмаған ата-аналар мектептен шығарылады
- D) кәмелетке толмаған ата-аналардың тұрғын үй болған кезде ғана некеге тұра алады
- E) некеге тұрмаған, кәмелетке толмаған ата-аналар олар бала туған жағдайда өздері он алты жасқа толғанда ата-ана құқығын өз бетінше жүзеге асыруға құқылы
- F) кәмелетке толмаған ата-аналардың жалпы негіздерде өздерінің әке және ана болуын мойындауға құқылы
- G) кәмелетке толмаған ата-аналардың жалпы негіздерде өздерінің әке және ана болуын мойындамауға құқылы
- H) кәмелетке толмаған ата-аналар мемлекеттен жәрдемақы ала алады

23. Мемлекеттік базалық зейнетақы:

- A) Қазақстан Республикасында тұратын 58 жастан асқан әйелдер мен 63 жастан асқан ер адамдарға мемлекеттің ай сайынғы ақшалай төлемі
- B) Зейнеткерлердің еңбек ету жылымен есептелетін ақшалай төлемдер
- C) Зейнеткерлерге төлейтін мемлекеттің міндетті төлемі
- D) Қазақстан Республикасының азаматтарына зейнеткерлік жасқа жеткен соң берілетін ай сайынғы ақшалай төлем
- E) зейнетақы аннуитеті шарты бұзылған кезде сақтандыру ұйымынан алатын ақша сомасы
- F) Ерікті жарналар жиынтығы
- G) Қарт адамдардың депозиттерде жиналған қаражаттары
- H) жинақтаушы зейнетақы қорларынан бюджетке аударылатын төлем

24. Мүгедектікті айқындаудағы медициналық-әлеуметтік сараптамада көрсетіледі:

- А) Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен, куәландырылатын адамның клиникалық-функционалдық, әлеуметтік, кәсіби және психологиялық деректерін талдау негізінде организмнің жай-күйін кешенді бағалауға сүйеніп жүзеге асырылады
- В) Адамның мүгедектігі мен еңбек қабілетін жоғалту дәрежесін белгілеу халықты әлеуметтік қорғау саласындағы уәкілетті органның жүзеге асырыуы
- С) Адамның тұратын экологиялық ортасын жақсарту, салауатты өмір салтын қалыптастыру, еңбектің қауіпсіз жағдайларын қамтамасыз ету, өндірісте жарақаттануды болдырмау, кәсіптік ауруларды азайту жөніндегі іс-шаралар
- Д) Адамды мүгедек деп таныған және еңбек қабілетін жоғалту дәрежесін белгілеген кезде олардың себептері, мерзімі, басталған уақыты, қосымша көмек түрлеріне және техникалық көмекші (орнын толтырушы) құралдармен, арнаулы жүріп-тұру құралдарымен қамтамасыз етудегі қажеттіліктері
- Е) Алдын алуды тиісті мемлекеттік органдар, жергілікті мемлекеттік басқару органдары, ұйымдар мен жұмыс беруші
- Ғ) Мүгедекті оңалтудың жеке бағдарламасы
- Г) Он сегіз жасқа толмаған тіршілік-тынысының шектелуіне және оны әлеуметтік қорғау қажеттігіне әкеп соқтыратын аурулардан, жарақаттардан, олардың салдарынан, кемістіктерден организм функциялары тұрақты бұзылып, денсаулығы бұзылған адам туралы

25. Жұмыс берушінің мүгедекке келтірілген зиянды өтеу жөнінде:

- A) Жұмыс беруші жұмыс орындары мен жұмыс үй-жайларын жобалау және бейімдеу арқылы жағдай жасайды, мүгедекті оңалтудың жеке бағдарламасына сәйкес тұрғын үй-жайларды арнаулы құралдармен және көмекші құрылғылармен жабдықтайды
- B) Жұмыс берушінің кінәсінен жұмыста мертігуге ұшыраған немесе кәсіптік ауруға шалдыққан мүгедектерге келтірілген зиянды өтеу Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады
- C) Жұмыс беруші өз есебінен қаржыландырады
- D) Қазақстан Республикасының заңнамасында жұмыс берушінің кінәсінен жұмыста мертігуге ұшыраған немесе кәсіптік ауруға шалдыққан мүгедектерге келтірілген зиянды өтеу жүзеге асырылатындығы туралы кепілдік береді
- E) Мүгедекті оңалтудың жеке бағдарламасына сәйкес тұрғын үй-жайларды арнаулы құралдармен және көмекші құрылғылармен жабдықтайды
- F) Дара иемденушінің қаражаты есебінен қамтамасыз етеді
- G) Өкілетті органдар арқылы мүгедектерді әлеуметтік қорғау заңы негізінде жүзеге асырылады

**Әлеуметтік жұмысты құқықтық қамтамасыз ету  
ПӘНІ БОЙЫНША ТЕСТ АЯҚТАЛДЫ**



## Әлеуметтік жұмыс теориясы

1. Ғалымдардың пікірінше, әлеуметтік жұмыстың оқу пәні мен ғылым ретінде пайда болуына негіз болған алғышарттар:

- A) Адамдардың сапалы өмір сүруге ұмтылуы
- B) Ауқатты өмір сүруге ұмтылу
- C) Біртекті қауымдастықтардың құлдырауы
- D) Урбанизация мен индустриализация
- E) Маргинализм мен терроризм
- F) Жаһандану үрдісі
- G) Байланыстар мен қатынастардың жоғарылауы

2. Әлеуметтік жұмыстағы теориялық концепцияларға негізделетін пәндер:

- A) Әлеуметтану
- B) Физиология
- C) Информатика
- D) География
- E) Экология
- F) Биология

3. Қазақстанда кәсіби әлеуметтік жұмыстың қалыптасу кезеңі:

- A) X ғасыр
- B) XX ғасырдың 30-ы жылдары
- C) XX ғасырдың аяғы
- D) XX ғасырдың 91-ы жылдары
- E) XVIII – XIX ғасырлар аралығында
- F) XX ғасырдың 90-ы жылдарының басы

4. Әлеуметтік жұмыстың негізгі аспектілері:

- A) Клиенттердің өз-өзіне көмек беру мүмкіндігін арттыру
- B) Кедейшілікті түбегейлі жою
- C) Жеке адам және топқа индивидуалды көмек көрсету
- D) Экономикалық дамуды қолдау
- E) Жеке жағдайларды сипаттау

5. Әлеуметтік қызмет көрсету объектілері:

- A) Қарт адамдар
- B) Жетім балалар
- C) Медбикелер
- D) Әлеуметтік қызметкерлер
- E) Ғалымдар
- F) Мемлекет

6. Ресей ғалымы М.В.Фирсов бойынша әлеуметтік жұмыстың теориясын анықтаудағы келістер:

- A) Кепілдіктік (сақтандыру)
- B) Индивидуалды (жеке тұлғалық)
- C) Қағидалық (ұстанымдар)
- D) Экономикалық (көмектер)
- E) Топтық (адамдар ортасы)
- F) Ұжымдық (қызметкерлер)

7. Әлеуметтік жұмыс теориясының ғылыми ерекшеліктері:

- A) Мәндік сипаттамасы
- B) Концепциялар және теориялар
- C) Сыртқы саясат
- D) Байланыстар
- E) Ішкі саясат
- F) Түрлі конструкциялар

8. Әлеуметтік жұмыс теориясының зерттеу пәні:

- A) Педагогикалық стильдер
- B) Дипломатиялық байланыстар
- C) Демократиялық қатынастар
- D) Әлеуметтік процесс
- E) Әлеуметтік дифференциялар
- F) Әлеуметтік тенденциялар
- G) Әлеуметтік құбылыстар

9. Әлеуметтік жұмыстағы адамдардың мәселелерін шешу жолдары:

- A) Әлеуметтік қамту
- B) Бұйрық беру
- C) Байланыстар
- D) Әлеуметтік қорғау
- E) Сыртқы саясат
- F) Жедел көмек
- G) Әлеуметтік қолдау

10. Әлеуметтік саясаттың негізгі категориялары:

- A) Рольдік жүріс-тұрыс
- B) Амбиваленттілік
- C) Алып сату
- D) Халықты қамтамасыздандыру
- E) Әлеуметтік статус
- F) Әлеуметтік жағдай

11. Әлеуметтік қорғау субъектілері:

- A) Министрліктер
- B) Әйелдер
- C) Аз қамтылған отбасы
- D) Азаматтық белсенділік
- E) Топтар

12. Әлеуметтік қорғау объектілері:

- A) Аз қамтылған отбасы
- B) Ерлер
- C) Көп балалы отбасы
- D) Әйелдер
- E) Топтар

13. Зейнетақы алуға құқығы бар азаматтар:

- A) Ерлер
- B) Барлық азаматтар
- C) Еңбек тәжірибесі толғандар
- D) Әйелдер
- E) Зейнет жасқа толғандар
- F) Ересек адамдар
- G) Жастар

14. Қайырымдылық көрсететін ұйымдар ерекшеліктері:

- A) Саяси партиялар
- B) Үкіметтік емес ұйымдар
- C) Мемлекеттік ұйымдар
- D) Мемлекет тарапынан қаржы алады
- E) Коммерциялық емес ұйымдар
- F) Әлеуметтік мәселелерді шешуге көмектеседі

15. Әлеуметтік қызмет көрсету түрлері:

- A) Профилактика
- B) Тестілеу
- C) Стационарлы қызмет көрсету
- D) Материалдық көмек
- E) Әлеуметтік патронаж

16. Әлеуметтік-медициналық көмек:

- A) Сауалнама өткізу
- B) Сауалнама жүргізу
- C) Аурудың алдын алу
- D) Әлеуметтік-медициналық экспертиза жасау
- E) Денсаулықты қорғау

17. Білім беру саласындағы әлеуметтік жұмыстың тиімді әдістері:

- A) галерея ұйымдастыру
- B) арттерапия жүргізу
- C) қайырымдылық жәрмеңкелерін ұйымдастыру
- D) әртүрлі аукциондар ұйымдастыру
- E) мейірімділік акцияларын ұйымдастыру

18. Жұмыссыздыққа алып келетін негізгі мәселелер:

- A) мемлекеттік реформалар
- B) девальвация
- C) миграция
- D) әлеуметтік дағдарыс
- E) мемлекеттік саясаттың тұрақсыздығы
- F) инфляция
- G) урбанизация

19. Пенитенциарлы мекемелердегі әлеуметтік қызметкердің қайта тәрбиелеу қызметтеріне жататындар:

- A) Сотталғандардың білім алуына жағдай жасау
- B) Сотталғандарға пайдалы ақпараттар тарату
- C) Сотталғандардың тәртібін қадағалау
- D) Сотталғандардың денсаулығын қалыпқа келтіру
- E) Сотталғандардың белгілі бір мамандықты игеруіне жағдай жасау

20. Ауыл жеріндегі әлеуметтік жұмысты күрделендіретін факторлар:

- A) Салт-дәстүрге берілу
- B) Жеке қонақ күту үйінің болуы
- C) Табиғатқа жақын болу
- D) Отбасының тұрақтылығы
- E) Қайырымдылық көмек беру көздерінің шектеулігі
- F) Опера театрының болмауы
- G) Инфрақұрылым дамуының жеткіліксіздігі

21. Әлеуметтік жұмыс кәсібилігінің бірінші деңгейі:

- A) Тұлғаның мамандыққа сай келуі
- B) Өз жұмысының міндеттерін білу
- C) Жаңашылдық
- D) Өз имиджін сақтай білу
- E) Даралық
- F) Жоғары өсімділік және бейімделу

22. Әлеуметтік қызметкердің кәсіби-этикалық кодексі:

- A) «Этикет» түсінігінің синонимі
- B) Қандай да бір рәсімнің өткізілу тәртібі
- C) Әлеуметтік қызметкердің сыртқы келбеті
- D) Қарсы алу және назар аудару ережесі
- E) Кәсіби жүріс-тұрысты реттейді

23. Әлеуметтік қызметкерге кәсіби құлдыраудан сақтану үшін қажет:

- A) Есеп беру
- B) Жауапкершіліктен қашу
- C) Өз әрекетін басқара білу
- D) Альтруизм
- E) Стрестік тұрақтылықты дамыту
- F) Эмпатияның болуы
- G) Рефлексия

24. Әлеуметтік жұмыс бойынша мамандарды кәсіби даярлаудың міндеттері:

- A) Кәсіби деформацияның дамуы
- B) Кәсіпке социомәдениеттілік тәжірибеге қатыстыру
- C) Кәсіби құзіреттілікті қалыптастыру
- D) Оқу пәндерінің көбеюі
- E) Өзін –өзі бағалаудың төмендігі
- F) Қызығушылықтары бойынша клубтар ұйымдастыру

25. Супервизор:

- A) Мәдени-тынығу жұмысын ұйымдастырушы
- B) Администратор
- C) Кәсіби ұстаз
- D) Әлеуметтік қызмет көрсету клиенті
- E) Әлеуметтік мекеме жетекшісі
- F) Интернаттық мекемедегі тәрбиеші
- G) Студенттің іс-тәжірибе барысындағы жетекшісі

**Әлеуметтік жұмыс теориясы  
ПӘНІ БОЙЫНША ТЕСТ АЯҚТАЛДЫ**

**Әлеуметтік жұмыстың әдістері мен технологиялары**

1. Ғылыми әдебиетте әдіс негізіндегі түсінігі:

- A) «технология» түсінігінің синонимы
- B) Ойды білдіру қағидасы
- C) Қызметтік амалдық реті
- D) Мақсатқа жету тәсілі
- E) Айқын әсер ету тәсілі
- F) Тәртіпке, санаға әсер ету тәсілі

2. Әлеуметтік жұмыс объектілері бойынша әдістерді жіктеу:

- A) Философиялық
- B) Ұйымдастырушылық-бөлу
- C) Қауымдастық жұмысының әдісі
- D) Жалпы ғылыми
- E) Эмпирикалық

3. Әлеуметтік жұмыс:

- A) Зерттеудің тек ғана эмпирикалық әдісі
- B) Қоғамдық – қажетті қызмет
- C) Ерікті қызмет ретінде ғана қарастырылады
- D) Әлеуметтік саясатты жүргізуден тәуелсіз
- E) Ұлттық-мәдени даму ерекшеліктерін ескермейді
- F) Қоғамда әлеуметтік тұрақтылыққа жағдай жасайды

4. Сөйлеу әдісімен әсер ету:

- A) Өзін-өзі байқау
- B) Сендіру
- C) Қолмен ымдау
- D) Әрекетсіз тыңдалым
- E) Пікір талас
- F) мимикалық ымдау

5. Педагогикалық әдістер жүйесінде сендіру әдісі:

- A) Ынталандыру
- B) Жарыс
- C) Талап
- D) Жазалау
- E) Пікірталас

6. Аз қамтылған:

- A) Әлеуметтік қауіптілігі бар факторы ретінде
- B) Аз қамтылғандарға әлеуметтік қолдау болжамайды
- C) Материалдық ресурстың жетіспеушілігі
- D) Адамның барлық қажеттілігін қанағаттандыра алмайтын
- E) Әлеуметтік мәселе болып табылмайды
- F) Өмірлік қажеттіліктердің материалдық қамтамасыз етілмеуі

7. Әлеуметтік қызмет көрсету технологиясы:

- A) Әлеуметтік болжау
- B) Зияткерлік технологиялар
- C) Әлеуметтік оңалту
- D) Жаһандық технология
- E) Әлеуметтік терапия

8. Әлеуметтік технология:

- A) Материалдық өндіріс саласындағы технологиялық үдеріс
- B) «Әлеуметтік жұмыс технологиясы» түсінігі құрылымына кіреді
- C) Мақсатты тәжірибелік іс-әрекетті тәртіпке келтіру тәсілі
- D) Адамазттық мәдениеттің элементі болып табылады
- E) Әлеуметтік объектіге белгілі бір бірізділікте әсер ету тәсілдерінің жиынтығы

9. Әлеуметтік жұмыстағы топтық әдіс :

- A) Жеке сұхбат
- B) Референтометрия
- C) Сауалнамалық сұрақ
- D) Логопедия
- E) Адрестік әлеуметтік көмек

10. Әлеуметтік жұмыс технологияларының белгілері:

- A) Бақылауды жүзеге асыру мүмкін еместігі
- B) Монотондылық үрдісі
- C) Мамандардың іс-әрекеттерін кезеңімен үйлестіру
- D) Технологияға қосылған бір мәнді рәсімдерін орындау
- E) Кезеңдерге көмек көрсету процесін бөлу

11. Әлеуметтік диагностика интегративтік технология негізінде:

- A) Әлеуметтік объект жағдайын бағалау болжамы
- B) Әлеуметтік жұмыс принципі болып табылады
- C) Әлеуметтік жұмыста қолданылмайды
- D) Диагноз анықтауды болжамайды
- E) Жобалау әдісін ұсынады
- F) Тек медицинада қолданылады

12. Әлеуметтік алдын алудың мәні мен сипаттамалары:

- A) Әлеуметтік жұмыстың жеке технологиясы болып табылады
- B) Оңалту бағдарламасын құру үшін пайдаланылады
- C) Сараптамалық әдіс ретінде пайдаланылады
- D) Әлеуметтік жұмыстың жалпы технологиясы болып табылады
- E) Әлеуметтік ауытқушылар себептерін жоюға бағытталған
- F) Әлеуметтік ауытқушылықтарды алдын алуға бағытталған

13. Әлеуметтік бейімделу үдерісін жүзеге асыру деңгейлері:

- A) Перспективалық деңгей
- B) Қоғамдық деңгей
- C) Жалпы деңгей
- D) Индивидтік деңгей
- E) Әлеуметтік топтар деңгейі

14. Клиентпен жұмыс жүргізудегі әлеуметтік – терапиялық әдістер:

- A) Фитотерапия
- B) Протездеу
- C) Иппотерапия
- D) Сыртқа тарату
- E) Күлкітерапия
- F) Дәрілік терапия
- G) Реконструктивті хирургия

15. Әлеуметтік сараптамалардың мәндік сипаттамасы:

- A) Зерттеу процедураларының еркін таңдалуы
- B) Қоғамдық дамудың заңдылықтарын зерттейді
- C) Коммуникативті қарым-қатынас тәсілі болып табылады
- D) Күрделі және жан-жақты зерттеудің ұзақ еңбекті талап етуі
- E) Клиентпен топтық жұмыс әдісі болып табылады
- F) Тек мүгедектермен жұмыста қолданылады
- G) Әкімшіліктендіру әдісі болып табылады



16. Әскери қызметшілер:

- A) Әлеуметтік қорғауға құқығы жоқ
- B) Өз мемлекетін қорғау бойынша міндеттерді орындайды
- C) Тек жоғарғы білімі ғана болуы керек
- D) Запастағы әскери адамдар
- E) Әлеуметтік кепілдіктерге құқығы жоқ
- F) Ешқандай міндеттері жоқ

17. Қорғаншы немесе қамқоршы:

- A) Қамтамасыз ету үшін әрекетке қабілетсіз кәмелетке толған адамдардың жәрдемақысын алуға құқығы бар
- B) Қамқорлығына алғандарды өз есебінен қамтамасыз етуге міндетті емес
- C) Тек оның келісімімен ғана тағайындалады
- D) Қамқоршылық органдарына тұрғылықты жерінің өзгергені туралы хабарлауға міндетті емес
- E) Оның келісімінсіз тағайындалады
- F) Баланың ата-анасымен қарым-қатынасына кедергі бола алады
- G) Қамқорлығына алғандарды өз есебінен қамтамасыз етуі тиіс

18. Жүзеге асыру кезеңінің ұзақтығы бойынша жобалардың жіктелуі :

- A) Ұзақ мерзімді
- B) Аралас
- C) Ведомстволық
- D) Ұйымдастыру
- E) Корпоративті

19. Міндетті әлеуметтік сақтандыру түрлері:

- A) Жұмысынан айырылған жағдайда
- B) Қозғалыс белсенділігі төмендеген жағдайда
- C) Автокөлігін ұрлап әкеткен жағдайда
- D) Тұрғын үйінен айырылған жағдайда
- E) Жол апатына түскен жағдайда
- F) Аз қамтылған жағдайда

20. Тұтыну себетінің құрамы:

- A) Ең төменгі күнкөріс деңгейі
- B) Азық-түлік
- C) Азық-түлік емес тауарлар
- D) Арнаулы әлеуметтік қызметтер
- E) Жеңілдіктер
- F) Көлік сатып алу
- G) Сақтандыру төлемдері

21. Қазақстан Республикасындағы мүгедектерді жұмыспен қамту шаралары :
- A) Еңбек делдалдығы
  - B) Жұмыс күшінің ұтқырлығын арттыру үшін ерікті қоныс аудару
  - C) Арнайы жұмыс орындарын құру
  - D) Жұмыс орындарының квотасын белгілеу
  - E) Жастар практикасына жолдама
  - F) Қоғамдық жұмыстарға жолдама
22. Әлеуметтік қауіп-қатер тобындағы отбасылар патронажының түрлері:
- A) Тұрмыстық
  - B) Аймақтық
  - C) Әлеуметтік – педагогикалық
  - D) Интеллектуалдық
  - E) Ауқымды
  - F) Әлеуметтік
  - G) Әлеуметтік – психологиялық
23. Суицидтік мінез-құлық типтері(А. Е. Личко бойынша) :
- A) Наразылық
  - B) Жеке
  - C) Айрықша
  - D) Сыртқы
  - E) Жалпы
  - F) Қызба
  - G) Шынайы
24. Әйелдерді әлеуметтік қорғау технологиясында, ескерілуі тиіс:
- A) Бос уақытын ұйымдастыра білу
  - B) Әлеуметтік жағдайы
  - C) Туыстарының қарым-қатынасы
  - D) Ұлттық салт-дәстүрлер
  - E) Коммуникативтік қабілеті
  - F) Мәдени және білім деңгейіне тәуелділігі
  - G) Әйелдердің әртүрлі топтарының әлеуметтік мәселелерінің ерекшелігі

25. Көшіп-қонушылармен әлеуметтік жұмыста әлеуметтік – еңбек бағытының мазмұны :
- A) Жұмыспен қамту мәселелері бойынша кеңес беру
  - B) Әлеуметтік – құқықтық кеңес беру
  - C) Дағдарысты ахуалға түскен жағдайда психологиялық көмек көрсету
  - D) Әлеуметтік – психиатриялық көмек
  - E) Девиантты мінез-құлықты адамдарды анықтау
  - F) Кәсіби қайта даярлауға көмектесу
  - G) Кәсіби дайындалуға көмектесу

**Әлеуметтік жұмыстың әдістері мен технологиялары  
ПӘНІ БОЙЫНША ТЕСТ АЯҚТАЛДЫ**